

LD Cardio

Little Doctor®

Стетоскоп LD

Руководство по эксплуатации

RUS

Стетоскоп LD

Інструкція з експлуатації

UKR

Стетоскоп LD


Пайдалану жөніндегі басшылық құжат

KAZ



! Маңызды!


Бөлшектері мен құрамдастары атауы



1. Стетоскопқа арналған бастиек
2. Стетоскопқа арналған жарғақша
3. Пластик сақина
4. Ішкі серіппемен және ішінде орнатылған бинауральды түтікшемен жалғастыратын медициналық түтікше
5. Құлаққа кіргізетін ұштықтар (оливалар)
6. Атаулы жапсырма
7. Керек-жарақтардың қосымша жиынтығы
8. Пайдалану жөніндегі басшылық құжат және кепілдеме талоны

Жалпы мәліметтер

LD Cardio – дәрігерлерге арналған жоғары сапалы кардиологиялық стетоскоп. LD Cardio ересектер мен балалардың барлық жиіліктер диапазонында тыңдау жүргізуге мүмкіндік береді. бастиек пен жарғақша материалының арнайы геометриясы орта диапазонда тыңдау кезінде бар ынта-назарды дұрыс бағыттауға мүмкіндік береді, ол жүрек қағысын тыңдау үшін өте қажет. Стетоскоптың 200-500 Гц диапазондағы жиілік сипаттамасының осы класты стетоскоптарға тән бірегей сезімталдығы бар.



LD Cardionның дыбысты жарғақшадан дәрігер құлағына дейін жеткізудің жоғары сапалы акустикалық жүйесі бар. Стетоскоптың бастиегі мен дыбыс өткізгіш түтікшесінің әр құлаққа арналған жеке дыбыс өткізгіш арнасы бар. Дыбыс өткізгіш арналардың екеуі де бір-біріне үйкеліп, бөгде дыбыс шығармас үшін тұтас жасалған. Дыбыс өткізгіш түтікшенің материалы ұсынылып отырған құлаққа кіргізетін ұштықтардың ыңғайлы қаттылығы және стетоскоп бөлшектерінің асқан дәлдікпен бірігуі оны пайдаланған кезде бөгде және өзіндік шуылды мүлде болдырмайды деуге болады.

Жиынтықтылығы

№	Атауы	Саны	Үлгісі	Ескертпе
1	Стетоскопқа арналған бастиек		LD-S044	жарғақшасы бар
2	Жалғастырғыш медициналық түтікше	1 дана	LD-S043	ішкі серіппесі және ішінде орнатылған бинауральды түтікшесі бар
3	Құлаққа кіргізетін ұштықтар (жұмсақ)	1 жұп	LD-S046	
4	Құлаққа кіргізетін ұштықтар (жұмсақ)	2 жұп	LD-S046	керек-жарақтардың қосымша жиынтығына кіреді
5	Жарғақша	1 дана		керек-жарақтардың қосымша жиынтығына кіреді
6	Қосымша керек-жарақтарға арналған құндақ	1 дана		керек-жарақтардың қосымша жиынтығына кіреді
7	Атаулы жапсырма	1 дана		
8	Пайдалану жөніндегі басшылық құжат және кепілдеме талоны	1 дана		
9	Қаптама	1 дана		

Техникалық сипаттамалары

Орындалуы	LD Cardio
Жарғақша диаметрі	44 мм
Түтікшенің ұзындығы	56 см
Пайдалану шарттары: температура салыстырмалы ылғалдылық	10° С-дан 40° С-ға дейін 85% және төмен
Қаптамадағы сыртқы көлемдері	440(д) x 180 (ш) x 43 (в) мм
Қаптамасыз салмағы	200 г
Жұмыс істеу мерзімі	7 жыл
Өндірілген жылы	Өндірілген жылы қаптамада көрсетілген

Күту, сақтау, жөндеу және өтелге шығару

! Маңызды!

1. Стетоскопты жоғары ылғалдылықтан, тура түсетін күн сәулесінен, соққылардан сақтау қажет.
2. Аспапты жылыту құралдары мен ашық отқа тым жақын жерде сақтамаңыз және пайдаланбаңыз.
3. Аспапты ластанудан сақтаңыз.
4. Стетоскоптың уытты ерітінділерге жанасуына жол бермеңіз.
5. Қажет болған жағдайда жөндеу жұмыстарын тек мамандандырылған ұйымдарда ғана жүргізіңіз. Кепілдемелік қызмет көрсетуді қамтамасыз ететін ұйымдардың мекен-жайлары кепілдемелік талонда көрсетілген.
6. Белгіленген қызмет ету мерзімі бітерде стетоскоптың техникалық жағдайын тексертіп алу үшін ауық-ауық мамандарға (мамандандырылған жөндеу ұйымдары) көрсетіп тұрған дұрыс.
7. Ал егер оны өтелге шығару қажет болса, сол уақытта Сіздің аймақта қолданыста болған өтелге шығару ережелерді басшылыққа алыңыз. Өндіруші өтелге шығарудың арнайы шарттарын белгілемеген.

Кепілдемелік міндеттемелер

- а) Бұл стетоскопқа сатылған күнінен бастап 24 айға кепілдемелік мерзім белгіленген.
- б) Кепілдемелік міндеттемелер аспап тұтынушыға сатыларда кепілдемелік талонмен ресімделеді.

Кепілдемелік қызмет көрсетуші ұйымдар: Усть-Каменогорск, тел. (+7-7232) 76-93-93.

Сертификаттау, мемлекеттік тіркеу

Аспаптарды өндіру ISO 13485 халықаралық стандарты бойынша сертификатталған.

Аспап MDD 93/42/ЕЕС Европа директивасына, Россия Мемстандартының МЕМСТ Р 50444-92 талаптарына сәйкес келеді.

Қазақстан Республикасы денсаулық сақтау министрлігі – тіркеу нөмірі ТК ҚР-МТ-7№011563 от 10.07.2013.

✉ Сапасы жөніндегі талаптар мен шағымдар ҚР аумағында қабылданады: «Казмедимпорт» ЖШС, Өскемен қ, Карбышев к-сі, 24. т.8 (7232) 76-97-97, e-mail: info@kazmedimport.kz, www.kazmedimport.kz

Өндіруші: Little Doctor International (S) Pte. Ltd.

Компаниясының өнімі Little Doctor International (S) Pte. Ltd., 7500A, Beach Road, 11-313 The Plaza 199591, Singapore.

Мына заводта жасалған: Little Doctor Electronic (Nantong) Co., Ltd., No.8, Tongxing Road Economic & Technical Development Area, 226010 Nantong, Jiangsu, PEOPLE'S REPUBLIC OF CHINA.

KAZ

ГАРАНТИЙНЫЙ ТАЛОН

НАИМЕНОВАНИЕ И АДРЕС ТОРГОВОЙ ОРГАНИЗАЦИИ /
НАЙМЕНУВАННЯ ТА АДРЕСА ТОРГІВЕЛЬНОЇ ОРГАНІЗАЦІЇ /
САУДА ҰЙЫМЫНЫҢ АТАУЫ МЕН МЕКЕН-ЖАЙЫ

ДАТА ПРОДАЖИ / ДАТА
ПРОДАЖУ / САТЫЛҒАН КҮНІ

ПОДПИСЬ ПРОДАВЦА /
ПІДПИС ПРОДАВЦЯ /
САТУШЫНЫҢ ҚОЛЫ

ПЕЧАТЬ (ШТАМП) ТОРГОВОЙ ОРГАНИЗАЦИИ /
ПЕЧАТКА (ШТАМП) ТОРГІВЕЛЬНОЇ ОРГАНІЗАЦІЇ /
САУДА ҰЙЫМЫНЫҢ МӨРІ (МӨРТАБАНЫ)

Внешний вид проверил, товар в полной комплектации получил:

З умовами гарантійного обслуговування ознайомлений, зовнішній вигляд перевірів, товар в повній комплектації одержав:
Кепілдемелік қызмет көрсету Шарттарымен таныстым, сыртқы түрін тексердім, толық жиынтығындағы товарды қабылдап алдым:

ПОДПИСЬ ПОКУПАТЕЛЯ /
ПІДПИС ПОКУПЦЯ /
САТЫП АЛУШЫНЫҢ ҚОЛЫ

www.LittleDoctor.sg

